

**Қайыңды селолық округінің "Құмқұдық" ауылына карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды селолық округі әкімінің 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 6 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда № 3-10-165 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды селолық округі әкімінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды селолық округі әкімінің 12.10.2012 № 12 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес және Темір аудандық аумақтық инспекциясының ветеринариялық-санитариялық инспекторы № 06-11/9 9 қаңтар 2012 жылғы ұсынысына сәйкес Қайыңды селолық округінің әкімі

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Қайыңды селолық округінің аумағында орналасқан Құмқұдық елді мекенінде ірі қара мал басы арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қайыңды селолық округінің әкімі*                      *Е. Жолдығарин*